**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**
Пәннің коды КФТ 85193.
**Қазақ философиясының тарихы**
**2024-2025 ож**
**СӨЖ**
2 курс, к/б, семестрі (көктемгі), 9 кредит, міндетті

**СӨОЖ сабақтарының тақырыптық жоспарлары:**

| № те-мы | Жұмыс түрі | Тақырыптар | Орындалу мерзімі | Бақылау түрі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | СОӨЖ | 1-СӨЖ. «Қазақ философиясыныңң сұқбат аймағы» тақырыбы бойынша презентациялар мен жобалық зерттеулер жүргізу және оларды қорғау, өз бетінше сараптамалық зерттеу жүргізіп, тұжырымдар дайындау, қорытындылар жасау. | 3 апта | 1) жазбаша жұмыс;<br>2) кесте-схема сызу;<br>3) глоссарий. |
| 2 | СОӨЖ | **2-СӨЖ.** «Философиядағы рәміздер, мәндер, таңбалар мен мағыналар ретінде талдау үшін мәдениеттің ақпараттық-семиотикалық түсінігін негіздеу» тақырыбы бойынша презентациялар мен жобалық зерттеулер жүргізу және оларды қорғау, өз бетінше сараптамалық зерттеу жүргізіп, тұжырымдар дайындау, қорытындылар жасау | 5 апта | 1) жазбаша жұмыс:<br>2) эссе<br>3) реферат қорғау;<br>4) топта талқылау. |
| 3 | СОӨЖ | **3-СӨЖ.** «Түркі Ренессансы және оның әлемдік мәдениеттегі орны» тақырыбы бойынша аналитикалық эссе дайындаңыз. | 8 апта | 1) ауызша, жазбаша жұмыстар;<br>2)қысқаша баяндама жазу. |
| 4 | СОӨЖ | **4-СӨЖ.** «XX-XXI ғғ. Батыс Еуропаның жастар субмәдениеті және оның қазақстандық жастарға тигізетін әсері» тақырыбы бойынша салыстырмалы кесте құрастырыңыз. | 11 апта | 1) ауызша және жазбаша жұмыстар;<br>2) қысқаша баяндама-лар жасау;<br>3) топта талқылау. |
| 5 | СОӨЖ<br>Тест жүргізу | **5 СӨЖ.** «Медиа-мәдениет және «Сандық (цифрлық) Қазақстан» моделі: қазіргі заман келбетіндегі болашақ» тақырыбында болжамдық сараптамалық жоба ұсыну | 13 сағат | 1) жазбаша жұмыс;<br>2) реферат қорғау;<br>3) топта пікір алмасу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | СОӨЖ | **6 СӨЖ.** «XX-XXI ғғ. Батыс Еуропаның жастар субмәдениеті және оның қазақстандық жастарға тигізетін әсері» тақырыбы бойынша салыстырмалы кесте құрастырыңыз | 15 апта | 1) жазбаша жұмыс;<br>2) газет құрастыру;<br>3) топта талқылау. |

# ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ. ЖАЛПЫ ДАЙЫНДЫК КЕСТЕСІ

## АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ

## ОҚЫҒАН МАТЕРИАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ЛОГИКАЛЫҚ СЫЗБАСЫН ЖАСАУ.

| № | Тақырып | тапсырма | Ұсынылған әдебиеттер | Бақылау түрі | **Тапсыру** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1.** | Қазақ мәдениеті тарихы пәні оның қоғамда алатын орны. | Кроссворд<br>Рефераттар тақырыптары.<br>1. Мәдениет заңдылықтарының мәні.<br>2. Мәдениеттану ғылымының іргелі мәселелрі.<br>3. Мәдениет пен діннің өзара байланысы.<br>Глоссарий.<br>Мәдениет, философия, антропология, әлеуметтану, психология, этнология, семиотика | Негізгі әдебиет: 1, 2, 3, 4, 5.<br>Қосымша әдебиет: 3,4,12 | Талқылау, ауызша қорғау, жазбаша | **2 апта** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | **Алғашқы кезеңіндегі мәдениет түрлері** | **Реферат.**<br>1.Ежелгі адамның архаикалық мифологиясы<br>2.Діни нанымдардың көне архаикалық түрлері<br>3.Ежелгі адамның мәдениеті.<br>5.Құранның қасиетті сөздері жазылған бойтұмардың тіл-көзден сақтайтын қасиетіне деген сенім қазіргі кезеңге дейін сақталып келуі.<br>6.Жас үйленген жұбайлар немесе алыс жолға сапарға шыққан жолаушы алдымен қарттардан бата алуы.<br>**Глоссарий**<br>Табу. Тотемизм, анимизм,фетишизм, шаманизм, магия. | Негізгі әдебиет: 1, 2, 3, 4, 5.<br>Қосымша әдебиет: 6, 15, 17, 19, 24, | Талқылау, ауызшы қорғау, жазбаша | **3 апта** |
| **3.** | ХХ ғасыр мәдениеті | Эссе.<br>1. Жаһандану мәселелерді шешудің жолдары. (Өзіңіздің ой-пікіріңізді білдіріңіз.)<br>2. Әлемдік мәселелер. | Негізгі әдебиет: 1, 3, 4, 5.<br>Қосымша әдебиет: 5, | Талқылау, ауызшы қорғау, жазбаша | **13. апта** |
| **4.** | **Қазақ мәдениетінің бастаулары.** | Реферат<br>1.Қазақстан аумағындағы мезолит және неолит кезеңіндегі мәдениеттер.<br>2.Неандертальдықтардың өнері мен діни көзқарастары.<br>3.Соңғы палеолит кезіндегі мәдениеті.<br>4. Андронов мәдениеті.<br>5. Қола дәуірінің діни сенімдер.<br>6. Темір дәуіріндегі тайпалық одақтар (скифтер мен сақтар өнері ерекшелігі)<br>7. Ұлы Жібек жолы. | Негізгі әдебиет: 1, 3, 4, 5.<br>Қосымша әдебиет: 4, 6, 7, 9, 17, 23. | Талқылау, ауызшы қорғау, жазбаша | **14. апта** |
| **5.** | Қазақстанның ортағасырлардағы мәдениеті. | Тест. Кроссворд.<br>1. Ежелгі түркілер, руна жазуы, Күлтегін, Білге қаған, «Қорқыт атаң, «Оғыз-наме, зороастризм, Көк Тәңіршілдік, буддизм, манихей, христиан, ислам. | Негізгі әдебиет: 1, 3, 4, 5.<br>Қосымша әдебиет: 4, | Талқылау, ауызшы қорғау, жазбаша | **15. апта** |
| **6.** | Дәстүрлі қазақ мәдениеті. | 1Глоссарий. Тест. Кроссворд<br>2.Қазақтың салт-дәстүрлер мен мереке-мейрамдар, халықтың рухани мәдениетіне құрастыру. | Негізгі әдебиет: 1, 3, 4, 5.<br>Қосымш | Талқылау, ауызшы қорғау. | **1 15. апта** |

# ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

## Негізгі:


1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. -272 б.
2. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттану: Оқулық. - Алматы: Раритет, 2012.- 401 б.
3. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005 . – Т. 1. – 496 б.
4. Оңғаров Е.А.. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы, 2013. – 216 б.

5. Мусинова А.А.. Культура и СМИ: культура и искусство в прессе Казахстана. - Алматы, 2011. – 314 с.
6. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы: Алматы кітап, 2010. – 457 б.

**Қосымша:**

1. Ақатаев С. Інжу-маржан секілді: Эссе. - Алматы, 1995. – 214 б.
2. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттануға кіріспе. - Алматы, 1996. – 128 б.
3. Қоңыратбаев Ә және Т. Көне мәдениет жазбалары. - Алматы, 1991. – 354 б.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық: ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі . Ә.Сығай [бас сарапшы]. – Алматы: Аруна, 2005. – 625 б.
5. Ғабитов Т.Х . Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. - Алматы , 2012. – 453 б.

**ҚазҰУ сайтындағы электронды материалдар**

1. Мургабаева А.С. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері. - Алматы: 2006. – 254 б.
2. Нысанбаев А.С. Қазақ халқының философиялық мұрасы.20 томдық. - Астана: Аударма. 2006. - (Мәдени мұра)
3. Берістенов. Ж.Т. Қазақ мәдениентінің рәміздік жүйесіне философиялық талдау. - Алматы: 2007. - 131 бет
4. Затов Қ.А. Зороастризм және қазақ мәдениетінің бастаулары. 2007.- 137 бет
5. Өтен Г.Ж. Өнер қайраткерлері естеліктері. Қазақстан мәдениеті тарихының дереккөзі. - Алматы: 2008. - 244 б.
6. Анасова Қ.Т. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі кеңістік пен уакыттың рәміздік негіздері. - Алматы: 2006. - 133 б.

## ТЕСТІЛЕР

**1. Қазақ мәдениеті қай өркениеттік болмысқа жатады?**

A) батыстық
B) шығыстық
C) көшпелілік
D) орта азиялық
E) кіндік азиялық

**2. Қазақ мәдениетінің еуроазиялық бастауы туралы пікірді кім бірінші болып айтты?**

A) Ш.Уәлиханов
B) Н.Конрад
C) Л.Гумилев
D) Ә.Марғұлан
E) Г.Кляшторный

**3. Қазақ мәдениетінің «архетипіне» не жатады?**

A) көшпенділер мәдениеті
B)ислам
C) зороастризм
D) халық ауыз әдебиеті
E) еуроазиялық дала мәдениеті, тәңірлік дін және түрік өркениеті

**4. Сақ өркениетінің өнеріндегі басты стиль қалай аталады?**

A) готика
B) романдық
C) жануарлық

D) барокко
E) арабеска

**5. Анахарсис қай мәдениеттің ғұлама қайраткері?**
A) скиф-сақ
B) ғұн
C) қазақ
D) түрік
E) үйсін

**6. Ғұндар қандай этномәдени топқа жатады?**
A) үндіеуропалық
B) ирандық
C) прототүріктік
D) түріктік
E) протоалтайлық

**7. Сопылық бағытты жан-жақты дамытқан ғұлама кім?**
A) Қожа Ахмет Яссауи
B) Әл-Ғазали
C) Әл-Фараби
D) Ибн-Рушд
E) Ибн-Сина.

**8. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты шығармасындағы «қала» ұғымы төмендегілердің қайсысына сай келеді?**
A) мемлекеттегі шаруашылық және мәдени орталықтар
B) тап және әлеуметтік топтар
C) мәдени-әлеуметтік топтар
D) ірі тұрғын қоныстары
E). қала-мемлекет, полис.

**9. Қазақ кеңес мәдениетінің белгілі қайраткерлерін атап өтіңіз:**
A) Абай, Жамбыл, М.Әуезов
B) Ш.Уәлиханов, Абай, Алтынсарин
C) Шәкәрім, Міржақып
D) Жамбыл, С.Сейфуллин, М.Әуезов
E) Д.Нұрпейісова, Құрманғазы, Дәулеткерей.

**10. Қазақтың ұлттық опера өнеріне еңбек сіңірген алғашқы композитор:**
A) Л.Хамиди
B) Брусиловский
C) А.Жұбанов
D) С.Мұхаметжанов
E). М.Төлебаев.

**11. Революцияға дейінгі қазақ халқының музыка мәдениетін терең зерттеген ғалым:**
A) А.Кастанье
B). Г.Потанин

C) А.Затаевич
D) А.Эйхгорн
E). С.Рыбаков

**12. «Музыканың Ұлы кітабын» жазған кім?**
A) Дәруіш Әли
B) Кутыб-Эддин аш-Ширази
C) Әл-Фараби
D) Әбуәли Ибн-Сина
E). Каукаби әл-Бухари
.
**.13. «Кодекс Куманикус» - қыпшақ тілінің сөздігі қай кезеңде жазылған?**
A) XV-XVI ғғ.
B) VI-VIII ғғ.
C) XIII-XIV ғғ.
D) VI-IX ғғ
E) X-XII ғғ

**14. Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының бастауында тұрған көрнекті ғалым, лингвист, ағартушы, «Қазақ» газетінің редакторы:**
A) М.Дулатов
B) А. Байтұрсынов
C) М.Жұмабаев
D) С.Асфендияров
E) Ж.Аймауытов

**15. Қазақ ұлттық мұрасының құндылығы келесіде:**
A) аңыз-әңгімелерде
B) нақыл сөздерде
C) романдарда
D) эпостарда
E) сюрреализмде

**16. Қазақ атты халықты түптейтін тек:**
A) Тұран
B) Түркістан
C) оғыз
Д) қаңлы
E) қыпшақ

**17. Әл-Фараби мен Абай көзқарастарындағы ұқсастық:**
A) шындықты іздеу
B) құдіретке табыну
C) мифологиялық ұстаным
Д) беделге бағыну
E) натурфилософиялық дәстүр

18. **Ұлт дегеніміз:**
A) әлеуметтік-мәдени қауымдастық
B) саяси күш
C) рухани бірлестік

Д) әдеп-ғұрып түрі
E) табиғи-биологиялық жүйе

19. **Қазақ мәдениетінің ерекшелігін білдірмейтін өнер түрі:**
А) жырау
В) күй
С) айтыс
Д) қол өнері
Е) балет

20. **Қазақ тарихына қандай ерекшелік тән?**
А) жанжал
В) ассимиляцияға ұрыну
С) еркіндікке ұмтылыс
Д) билікке талпыныс
Е) ұлттық қатынасты басқару

21. **Әл-Фараби адамның рухани мәдениетіне бұрынырақ ықпал еткен фактор туралы:**
А) дін
В) білім өнері
С) құқық
Д) философия
Е) саясат

22. **XIII ғ. «Кодекс Куманикустегі» басты мәселелер:**
А) парсы, латын, куман тілдері ерекшеліктері
В) құдай мен Інжіл Ионна әулиенің даңқы
С) христиан діни уағыздар
Д) көшпелі мен отырықшы мәдениеттердің бір-біріне ықпалы
Е) қыпшақ мемлекеттік бірлестігі туралы

23. **Қазақ тегінің шежіресіне жататын тарихи еңбектер:**
А) Кодек Куманикус
В) Ханнама
С) Бабырнама
Д) М.Х.Дулати. Тарих-и Рашиди
Е) Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін

24. **Ұлттың жаңаруына қажетсіз шарт:**
А) мәдени мұраны пайдалану
В) дәстүрлікке сүйену
С) бұқара халықпен жақындасу
Д) ұлттық қатынасты басқару
Е) өзге этносқа үстемдік ету

25. **Қазақ мәдениеті қалыптасуының тарихи кезеңі қашан басталады?**
А) VII ғасырға дейін
В) Қорқыт Ата дәуірі
С) IX-XI ғғ. кезі
D) Шыңғыс хан үстемдігі тұсында
Е) Қазақ хандығы

26. **Қазақ дәстүрінде жеке ат қою мына жайдың қайсысына байланысты?**
A) рәсім-салтқа
B) табиғи күшке табынуға
C) атышулы оқиғаға
D) тарихи әйгілі кісілердің аттарына
E) кездейсоқтық

27. **Қазақ тарихында жеке адам атауының өзгеруіне ықпал еткен факторлар:**
A) жеке затқа, оқиғаға байланысты
B) ат-жөн мазмұнының толықтасуы
C) есімді қолдану шеңберінің тарылуы
D) объектпен тұрақты байланыста болуы
E) нақты мәнділігі

28. **Әр рудың несі болды?**
A) өз жайлауы
B) өз күзеуі
C) өз қыстауы
D) өз көктеуі
E) суға меншігі

29. **Байырғы қазақ санасында «халық» сөзі қай ұғымда қолданылды?**
A) көпшілік
B) бытыраңқы әлеумет
C) жұрағат
D) ел
E) қауым

30. **Қазақ болмысына лайықты дәстүрлі биліктер:**
A) ақсақалдар билігі
B) билер институты
C) моральдік билік
D) адами қасиетті құрметтеу
E) үстемдік әкімшілік

31**. Түркі қағанатының (V-X ғғ.) ұлы мұраларына жататындар:**
A) Орхон-Енисей жазбалары
B) Құлтегін
C) Тоныкөк
D) Библия
E) Қорқыт ата кітабы

32**. Кер заманның нышандарына жататын қылықтар:**
A) құрамалы киіз үй
B) құбылмалы би
C) ежірейген ұл
D) кекірейген келін
E) ағайыннан мықты жау

33. **Андрон мәдениетіне (б.д.д. X ғ. дейін) тән ерекшеліктер:**
A) толық отырықшылық дағдысы

B) мал ұстайтын орындар
C) жертөле
D) диқаншылық
E) қару-жарақ

34. **Орталық Қазақстан өңірінде б.д.д. XI-VIII ғғ. кең таралған мәдениет түрлері:**
A) мыс өндіру
B) қалайы өндіру
C) алтын өндіруге толық көшу
D) темір өндіру
E) солардан қару-жарақ, әшекей заттар жасау

35**. Б.д.д. XI-VIII ғғ. кең қолданылған қару-жарақ түрлері:**
A) жебе
B) қанжар
C) айбалта
D) семсер
E) мылтық

36. **Қазақ жерінде б.д.д. VIII ғ. шамасында кең таралған зергерлік,ісмерлік өнерлер:**
A) қыстырма
B) бой тұмар
C) әулие-әнбия бейнесі
D) даналар бейнесі
E) адам пішіндес құдайға бойұсыну

37. **Сақтар әулеті (б.д.д. VII ғ. б.д.II ғ.) өмір сүрген өңірлер:**
A) Орта Азия
B) Иран
C) Тянь-Шань
D) Алтай
E) Жетісу

**38. Алтын адам тымағында қандай бейнелер өрнектелінген?**
A) барыстың
B) жыланның
C) арқардың
D) аттың
E) құстың

**39. Алтын адам безендірілген әшекейлер:**
A) үш мыңға жуық алтын әшекеймен безендірілген былғары бешпет
B) темір семсер
C) кітап
D) алтынмен қапталған қанжар мен белбеу
E) 26 әріптен тұратын күміс зерен

**40 . Сақтардың мәдени-рухани ықпалы қай елдерге тарады?**
A) Ауғанға
B) Пәкістанға
C) Иранға
D) Үндіге

E) Ресейге

**41. Ғұндар ұлысына (б.д.д. II ғ. б.д. III ғ.) енген тайпалар:**
A) қыпшақтар
B) үйсіндер
C) сақтар
D) қырғыздар
E) ұйғырлар

**42. Ғұндардың есімін тарихқа қалдырған ерлері:**
A) Түмен
B) Моде (Боғда)
C) Атилла (Әдел)
D) Теңізек
E) Тәуке хан

**43. Жетісу, Қаратау өңірін қоныс тепкен үйсіндер мәдениетінің түрлері:**
A) қолөнер кәсібі
B) үй кәсіпшілігі
C) еңбек, өндіріс құрал-саймандары
D) жаугершілік өнері
E) теріден, жүн матадан тоқылған киім-кешектер

**44. Қаңлылардың (б.д.д. II-I ғғ.) музыка мәдениетінің түрлері:**
A) қос шекті аспап
B) бес шекті музыка аспабы
C) даңдабыл
D) сыбызғы
E) мандалина

**45. Қолбасшының мәдениеті неден білінеді?**
A) азаматтық еркінен
B) мұқияттылығынан
C) танымдық қызметін арттырудан
D) түрлі көзқарасты саралаудан
E) бір көзқарасты біржақты бұрмалаудан

**46. Қолбасшының адамдық белсенділігін білдіретін қасиеттер:**
A) рөлін таңдай білу
B) әріптесімен еркін сөйлесе алу
C) мінезді сыни тұрғыдан қабылдау
D) өз мүддесін ойламау
E) рухани жетілуден

**47. Саяси қайраткердің ерекшелігін құрайтын қасиеттер:**
A) өзінше еркін болу
B) топтың ырқынан шықпау
C) жұмыстың жаңа тәжірибесін игеру
D) интеграциялық процестің үлгісін жасау
E) әлеуметтік байланыстың ақиқатын іздестіру

**48. Мұхаммед Хайдар Дулати елді басқару үшін қандай ереже ұсынды?**

A) орынсыз ашуланбай, жұмсақ сөйлеу
B) өзін қарамағындағының орнына қоя білу
C) екіжүзділіктен тартынбау
D) көппен сөйлесуге, тіл табысуға бейім болу
E) адамға жанашырлық білдіру

**49. Әл-Фараби бойынша гуманистік іс-әрекетке негіз болатын ұстаным:**
A) қайырымдылық
B) бақыт
C) білім
D) бей-жайлық
E) сабырлылық

**50. Түркістан халқы шаруашылығының негізгі түрі?**
A) жібек өндіру
B) мақта өндіру
C) бақшалық
D) кілем тоқу
E) балық ұстау

51. **Еуразиялық идея қоғамдық құбылыстың қай деңгейін қамтиды?**
A) ғылыми-техникалық прогресті
B) табиғи- тарихи кеңістіктер мен факторларды
C) жалпыұлттық интеграцияны
D) мемлекетаралық байланысты
E) ұлт пен этносаралық мәдениетті

52. **Би-шешендердің қазақ мәдениетіне қосқан үлесін неден пайымдаймыз?**
A) тіл мәдениетінен
B) ойлау мәдениетінен
C) басқару мәдениетіне
D) ұлттық ойлау дәрежесіне
E) қоғамды өзгертуден

53. **Би институты қай тарихи кезеңдерде өз қызметін атқара алды?**
A) XX ғасырда
B) XVII ғасырда
C) XVI ғасырда
D) XV ғасырда
E) XI-XII ғасырда

54. **Би-шешендер биліктің қандай түрлерін жүзеге асырды?**
A) атқарушы
B) заң шығарушы
C) соттық
D) күш көрсету
E) қоғамдық пікір

55. **Еуразиялық мәдени-тарихи өріс неден басталады?**
A) даладан
B) орманнан
C) батыстан

D) шығыстан
E) осы кеңістіктегі көшпенді өмірден

56. **Түрік-қазақ хаткерлік мәдениеті қай кезеңде қалыптасты деуге болады?**
A) V ғ. дейін
B) VI-YII ғ.
C) IX-X ғ.
D) XV-XVI ғ.
E) XIX ғасырдан кейін

57. **Араб алфабитіндегі хаткерлік мәдениеттің ерекшелігі:**
A) диуана (баспа) үлгісі
B) куфи (шақпақ) үлгісі
C) тәлік (парсы) үлгісі
D) рохи (кеспе әріп) үлгісі
E) еркін жазу үлгісі

58. **Қазақ халқы мәдениетінің тарихында әйел бейнесі қай деңгейде суреттелінеді?**
A) адамгершілік жағынан
B) келбет көркімен
C) жүріс-тұрысынан
D) әдет-ғұрпынан
E) саяси тұрғыдан

59. **Қазақ әйелінің бейнесі өнердің дәстүрлі қай түрінде ерекше орын алады?**
A) қол өнерінде
B) өлеңде
C) жырау-дастанда
D) аңыз-ертегілерде
E) әнде

60. **Қазақ үшін дала** –
A) өндіріс көзі
B) шаруашылық өркендейтін кеңістік
C) көшпенділер өмір салты
D) ұрпақтар сабақтастығының айғағы
E) саяси билік тәртібі

61. **Көшпенділік дегеніміз -**
A) мемлекеттік жүйе
B) әлеуметтік сипат
C) кеңістік пен уақыт өлшемі
D) мәдениет түрі
E) салт-дәстүр айғағы

62. **Қазақ фольклорына жататын шығармашылық түрлер:**
A) эпос-жыраулар
B) халық әндері
C) мақалдар мен жұмбақтар
D) айтыс пен күйлер
E) симфониялық музыка

63. **Қазақ айтыстарының атқаратын негізгі функциялары:**
A) білім беру
B) тәрбиелеу
C) елді бірлестіру
D) ұлттық үлгіні тарату
E) қысымды күшейту

64. **Театрдың антропологиялық негіздерін құрайтын белгілер:**
A) салт
B) дәстүр
C) аңыз-әңгімелер
D) ойын
E) классикалық музыка

65. **Қазақ болмысында жарысты білдіретін өнер түрлері:**
A) айтыс
B) көкпар
C) жасырынбақ
D) алыс қашыққа жаяу жарыс
E) күрес

66. **Театрдағы ойынның ерекшелігі, бұл - :**
A) өмір және өнер түрі
B) адамның өзімен-өзі болуы
C) байланыстың ішкі арқауын білдіру
D) мінездер тартысын бейнелеу
E) адам мен дүние арақатынасын жеткізу

67. **Өнердегі бәсекені қыздырушылар:**
A) оркестр
B) шешендер
C) жыраклар
D) бишілер
E) ақындар

68. **Қазақ мәдениетіндегі суреттемелердің өрістеу кезеңдері:**
A) исламға дейінгі еуразиялық көшпелілердің әлем бейнелері
B) мұсылмандық өркениетпен қамтылған түрік дүниесінің суреттемелері
C) хандық дәуірдегі қазақи мәдениеттегі дүние суреттемелері
D) Түркістан республикасы кезіндегі суреттемелер
E) тәуелсіз елдегі дүние суреттемелері

69. **Дүние суреттемелеріне қатысты көшпелілер рәміздерінің түрлері:**
A) «үштік әлем»
B) «ата-жұрт»
C) «киелі от»
D) «жеті қат жер»
E) теңіз перісіне арналған рәміздер

70. **Түркі мәдениетіндегі «көк тәңірі» рәмізін түсіндірудің жарақтары:**
A) аспан билеушісі

B) далада «күн басты адам»
C) «күнби» рәмізі
D) «күннен жаралған Күн ұлы»
E)  Тәңір – жер астындағы құдірет

71. **Түркі мәдени аймақтарының қалыптасу кезеңдері**:
A) IX-XIV ғғ. Шығыс еуропалық мәдени ареал
B) VIII-XIII ғғ. Таяу шығыстық мұсылмандық ареал
C) VII-XIV ғғ. Қиыр шығыс ареалы
D) IX-XIV ғғ.  Орталық Азия
E) Кеңес Одағы кезінде

72. **Қазақтың қолтаңбалы көркемдік шығармасының негізін құрайтын сабақтастық:**
A) әлемнің космостық моделі
B) фольклор, аңыздар арқауы
C) көркемдік-эстетикалық қағидаттардың  бірлігі
D) таңбалы өнердің бірлестігі мен тұтастығы
E) өрнектермен ғана шектеледі

73**. Өнер дегеніміз:**
A) көркемдік шығарманың рәміздік түрі
B) құндылықтар жүйесі
C) дәстүрді сақтау қажеттілігі
D) қоғамдық және жеке талғам көрінісі
E) ұлттық ерекшелікпен байланыссыз мәдениет

74. **Ұлттық өрнекті жіктеудің түрлері:**
A) техникалық
B) геометриялық
C) таза қиялдан, туа біткен идеядан туындайтын
D) табиғи
E) аралас өрнектер

75. **Өрнектің көркемдік-эстетикалық  қағидалары:**
A) дүниенің космостық моделі
B) композицияның тұйықталуы
C) моделдің теңдік қағидаты
D) рәміздің қосжақтылығы
E) ешқандай үйлесімділік жоқтығы

76. **Дүниетанымның қазақтық типтеріне тән ерекшеліктер:**
A) жарық дүние
B) адамгершілік
C) урбанизм
D) дәстүрлі қауымдастық
E) тірілген дүние

77. **Еуроазиялық идеяда жоғары  қойылған құндылық:**
A) технология
B) құндылықтар жүйесінің тоғысы
C) дәстүрлі мәдениеттерді сақтау

D) халық құқығын ақшадан жоғары қою
E) этнос тарихтың құндылығы және субъектісі

78. **Хандық дәуіріндегі ақын-жырауларды зерттеудегі олқылықтар:**
A) ұлттық философиялық зерттеулердің ынталандырылмауы
B) тарихи тұлғаларды прогрессивті және реакцияшыл деп бөлу
C) еуропоцентризм негізінде поэтикалық мәтіндегі үлгілерді ескермеу
D) шығармаушылық ықыластың болмауы
E) Кеңес Одағында ойшылдардың дүниетанымдық басқа позицияларды елемеуі

79. **XV-XYIII ғғ. ақын-жыраулардың басты тақырыптары:**
A) кемел адам, кісілік қасиеттер
B) дүниетанымдық сабақтастық
C) «ер» бейнесі
D) рулық адам
E) ел бірлігі

80. **XYIII ғ. ақын-жырауларда жиі қолданылған мұсылмандық түсініктер:**
A) бас пайда
B) обал
C) сауап
D) тәубе
E) несібе

81. **Шалкиіз жырауындағы марапатталынған кісілік құндылықтар:**
A) жақсылықты жақын тұту
B) батырлық
C) ерлік
D) Отанды сүю
E) Жерұйықта жамандыққа көну

82. **Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде мұрат негізінде қай мағынада қолданылады?**
A) шексіз ізгілік
B) мінсіз жағдаят
C) рухани жетілгендік
D) рақымшыл адам
E) ниеті бөтен адам

83. **Мәдени мәнділік неден көрініс табады?**
A) мәдениеттің өзімен-өзі үндесуінен
B) біреуге қысым жасаудан
C) бірегей төлтумадан
D) жетістікті өз болашағына қолданудан
E) өнердің өзара үйлесуінен

84. **Этномәдени уақыттың сатылары:**
A) көтерілу кезеңі
B) белсенділік уақыты
C) үзілу кезеңі
D) жаңа мәдениеттің пайда болу кезі
E) абсолюттік инерция кезі

85. **Тарихшылардың қытай дерегіндегі «сиуңну» сөзін «түріктер» деп атауының себептері:**
A) скиф-сақ халықтарын бірыңғай үнді-еуропа тілінде сөйлеген халықтар деп қабылдау
B) сиуңнулар түрік тілінде сөйлеген деген қорытындыға келуі
C) түріктің Оғыз ханы мен сиуңнудың чәниуйі Маудунның бүкіл іс-әрекетінің бір-бірімен дәл келуі
D) оғыз ханы мен чәниуйі Маудунның кейінгі ұрпақтарының бастан кешкен оқиғалардың бірдейлігі
E) екеуін де «протомоңғолдар» деп тануы

86. **Түрік мәдени-рухани дүниесінің қалыптасу кезеңдері туралы көзқарастар:**
A) ежелгі арий тайпалары, ведалық абыздардың дүниетанымдары
B)  бұдан 1,5 мың жыл бұрын түркі Қағанатының шаңырақ көтеруі
C) Білге, Бұмын, Тоныкөк, Күлтегін, Қорқыт сияқты ел бастағандардан нәр алады
D) араб-ислам рухынан басталады
E) Түркістан топырағының рухани құнарынан

87 . **Түрік-Қазақ мәдениетінің 1300-1100 жылдар бұрынғы белгілі өкілдері:**
A) Бұмын
B) Тоныкөк
C) Күлтегін
D) Қорқыт
E) Қашқари

88. **Қазақ мәдениетін көтермелеуде 800-1700 жылдар аралағындағы ислам-түрік өркениетінің беделді өкілдері:**
A) әл-Фараби
B) Ж. Баласағұн
C) М. Қашқари
D) әл-Жалайри
E) М.Х.Дулати

89**. Ел жанды хандардың қазақ мәдениетін қалыптастырудағы жоғары рөлі:**
A) Шыңғыс хан
B) Жәнібек хан
C) Есім хан
D) Қасым хан
E) Тәуке хан

90. **XVII-XIX ғғ. Қазақ мәдениетін жетілдіруге ықпал еткен батыр тұлғалар:**
A) Абылай хан
B) Бөгенбай батыр
C) Қабанбай батыр
D) Наурызбай батыр
E) Ы. Алтынсарин

91. **Қазақ мәдениетінің жүйелі алмасуына ықпал еткен іргелі тұлғалар:**
A) Махамбет
B) Абай
C) Шоқан Уәлиханов

D) Ы. Алтынсарин
E) Наурызбай батыр

92. **XX ғ. бас кезінде қазақ жазбаша мәдениетін дамытуға ерекше үлес қосқан ғұламалар:**
A) Сырымбет
B) А. Байтұрсынов
C) Ә. Бөкейхан
D) М. Дулати
E) Х. Досмұхамедұлы

93. **Қазақ халқы қандай кеңдікті жоғары тұтқан?**
A) патшаның әділдігі
B) ғалымдардың ғылымы
C) байлардың қайыры
D) жақсылардың дұғасы
E)  билікке бас игізу

94.  **Шығыс елі дүниенің төрт бұрышы деп  нені айтқан еді?**
A) Шын-Машын (Үнді, Қытай)
B) Мысыр
C) Рум
D) Еуропа
E) Азия

95. **Қазақ халқы мәртебе тұтқан мұраттары:**
A) бітім
B) ұтым
C) жету
D) уақтысына кету
E) билікке таласу

96. **Қазақ өмірінде қорлық тұтқан жағдайлар:**
A) шақырылмаған жерге бару
B) бейбастақ сөйлеу
C) дұшпаннан жәрдем күту
D) сараңнан қажет сұрау
E)  дос наздығын көтеру

**97.  Қазақ нені ауыр күнә деп тапқан?**
A) Аллаға күмән келтіру
B) нақақтан қан төгу
C) ата-анаға тіл тигізу
D) өтірік куә болу
E) жақыны үшін жанын пида ету

**98.  Қазақ борыштың қай түрін киелі деп ұқты?**
A) Пайғамбарға байланысты борыш
B) адамның өзіне байланысты борыш
C) мемлекет пен халыққа борыш
D) жақындарға борыш
E) бөтенге борыш

**99. Абай ескерткен адамның қас дұшпаны:**

A) өсек-өтірік
B) мақтаншақ
C) еріншек
D) бекер мал шашпақ
E) бір бетінен қайытпау

**100. Абай адамның қандай қасиеттерін асыл деп есептеді?**

A) еңбек
B) терең ой
C) талап
D) рахым
E) жалтақтық

**101. Қазақ халқының басты өсиеттері:**

A) топасқа сенбе
B) жауға иілме
C) әрқашан сақ жүр
D) жарлыдан сый алма
E) кезкелген үйге қона бер

**102. Қазақ қатерге нені жатқызды?**

A) отты
B) жауды
C) ауруды
D) сөзді
E) қанағатты

**103. Қазақ Алашқа қай ел-жұртты жатқызған?**

A) қырғыз
B) түрікмен
C) өзбек
D) қарақалпақ
E) әзірбайжан

**104. Қазақ адам мінезінде жетекші күшке нені жатқызды?**

A) ақылды
B) ойды
C) кәсіпті
D) халықты
E) бейжайлықты

**105. Біздің дәуірде қазақ жерінде үстем еткен мемлекеттер:**

A) Қаңлы мемлекеті
B) Батыс түрік қағанаты
C) Қарлұқ –оғыз мемлекеті
D) Қыпшақ одағы
E) Моңғол империясы

**106. Қазақ жерінде тас және темір дәуірінде қалыптасқан ойындар:**

A) таяқ жүгірту
B) асық
C) ақсүйек
D) садақ
E) доп лақтырысу

**107. Қазақ мемлекеттігі кезінде кең таралған ойын-сауық түрлері:**
A) Хан жақсы ма
B) сайыс
C) ат үстіндегі тартыс
D) аударыспақ
E) ақсүйек

**108. Қазақ ойын-сауықтарының ережесіне не жатады?**
A) өзара сыйласу
B) бір-біріне сыйымды болу
C) әділдікті аяқ асты етпеу
D) икемсізге имікпеу
E) менсінбегенге қарайлау

**109. Асанқайғы құрметтеген адами қасиеттер:**
A) адамның өзін-өзі танып білуі
B) ашынып түсіну
C) өмірдегі орынды дұрыс бағалау
D) әрекет-қимылды сын тұрғысынан саралау
E) өмірге жалаң қарау

## ПЫСЫҚТАУ

**№ 1**

1. Қазақ мәдениетінің наным-сенімдері бойынша эссе жазу.
2.Қауымдық құрылыс кезіндегі қоныстар және материалдық мәдениет ескерткіштері.
3. Түрік өркениеті және оның ерекшеліктері. Көне түріктердің космогониясы, мифологиясы.
4. Көнетүріктік руникалық жазулар. «Орхон-Енисей» ескерткіштері.

**№2**

1. Ортағасырлық қалалық мәдениеттің негізгі сипаттары.
2. Қазақ мәдениеті тарихындағы Қорқыт Атаның орны

**№3**

1. Номадизм өмір салты ретінде.
2. Еуразиялық кеңістіктегі номадтар мәдениетінің негізгі белгілері.
3. Қазақ хандығының құрылуы – ұлттық мәдениет қалыптасуының негізі. Жыраулар, ақындар, күйшілер , шешендер шығармашылықтары, қол өнері, ою-өрнек рәміздерінің ерекшеліктері.
4. Қазақтардың космологиялық түсініктері мен дүниетанымының синкретизмі.
5. Қазақ мәдениетінің архетиптерін талдау

**№ 4**

1.Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруі, ұлттық төл мәдениет саласындағы дағдарыс және оның ақындар поэзиясындағы көрінісі.
2. Қазақ ғалым-ағартушыларының белгілі еңбектері (Абай – философ және ақын, Шоқан – Шығыс мәдениеттерін зерттеуші, Ы.Алтынсарин – қазақ ағартушылығының көрнекті тұлғасы).

3. X1X - XX ғғ. қазақ поэзиясы мен музыка өнерінің белгілі қайраткерлері (Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Ақан сері және т.б); әдебиет майталмандары мен саяси қайраткерлер ( Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және т.б.).

**№ 5**

1. Кеңестік Қазақстан мәдениеті. Өнердің, білім мен ғылымның Қазақстандағы дамуы. Көрнекті өкілдері.

2. Егемен Қазақстандағы ұлттық мәдениетті жандандыру мен өркендету мәселелері.